

Құрбанбаева А.А.,
Ерманкулова Р.И.,
Дандаева Б.М.

**Қазақстан Республикасында
кәсіпкерлікті мемлекеттік
қолдау әдістерін жетілдіру
жолдары**

Kurbanbayeva A.A.,
Yermankulova R.I.,
Dandaeva B.M.

**Perfection of methods of support
of enterprise in Republic of
Kazakhstan**

Курбанбаева А.А.,
Ерманкулова Р.И.,
Дандаева Б.М.

**Совершенствование методов
поддержки
предпринимательства
в Республике Казахстан**

Бұл мақалада қазіргі таңда елімізде мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау әдістерін жетілдіру жолдары ұсынылған. Барлық күш жағымды сыртқы ортаны қалыптастыруға бағытталуы керек. Осыған байланысты, мемлекеттің кәсіпкерлік белсенділікті тиімді, әрі икемді ынталандыру әдісін дұрыс анықтауы өзекті мәселе болып табылады.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, мемлекеттік қолдау әдістері, мемлекеттік бақылау, жүйелік қарым-қатынасын реформалау, бизнесті дамыту, заң шығарушы және атқарушы органдар.

In this article the modern ways of perfection of government control offer on development of enterprise. Creation of attractive environment is needed. In this connection, needed exposure of effective and stimulant methods of state support for development of enterprise.

Key words: enterprise, methods of state support, state control, reform of the system of mutual relations, development of business, legislative and executive bodies.

В данной статье предложены современные пути совершенствования государственного регулирования по развитию предпринимательства. Необходимо создание привлекательной внешней среды. В этой связи необходимы выявление эффективных и стимулирующих методов государственной поддержки для развития предпринимательства.

Ключевые слова: предпринимательство, методы государственной поддержки, государственный контроль, реформа системы взаимоотношений, развитие бизнеса, законодательные и исполнительные органы.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА
КӘСІПКЕРЛІКТІ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ
ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ
ЖОЛДАРЫ**

Бүгінгі таңда тексерулер мен рұқсат құжаттарының саны айтарлықтай азайған. Лицензиялардың және рұқсаттардың барлық түрлерін 30%-ға қысқарту бойынша Заң қабылданған. Үкіметтің жұмысы активтендірілген: таяу арада интернет арқылы сұранысқа ие 80 рұқсат пен лицензияны алу бойынша қызмет қолжетімді болды. Ағымдағы жылдың соңына дейін Үкіметте адам өміріне қауіпсіздік қатерлер жоқ көптеген шешуші процедуралар бойынша ескертетін тәртіпті енгізу бойынша заң жобасы енгізілмекші.

Кәсіпкерлердің қызметін мемлекеттік бақылау жүйесін өзгерту – бұл бұрыннан бері келе жатқан мәселе және көптеген ескертулер тудырады. Бәрінен бұрын бұл органдардың бақылау қызметтерінің тиімділігін бағалаудың болмауы, бақылау органдарының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заң талаптарын сақтамауы, бақылаудың және жоспардан тыс тексерулердің басқа да формаларының регламенттелмеуі, кәсіпкерлер орындауға міндетті орындалмайтын, ескірген және қайталанатын талаптар санының көп болуы. Осы мәселелерді шешу үшін қажет болған бөліктерінде Үкімет «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» түзетулер енгізуді тапсырды: қауіптілік деңгейі жоғары субъектілерді жоспарлы тексерулермен толық қамту; қалдықты принцип бойынша қауіптің орташа деңгейіндегі субъектілерді жоспарлау (100% қауіп деңгейі жоғары субъектілерді қамту); қауіптің маңызды емес деңгейіндегі субъектілерге қатысты жоспарлы тексерулерді өткізбеу сияқты.

Бизнестің қандайда бір өкілдері қызметінің қауіп деңгейіне сүйенетін жоспарлы тексерулердің жоспарланған дифференциясы бақылау-қадағалау функцияларына қатысты бизнесмендер мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы практикасын бастан аяқ өзгертуге мүмкіндік береді. Ал, негізі кәсіпкерлердің жұмысын қарапайым қылып, жемқорлық жасаушыны төмендетуге көмектеседі. Бұдан өзге, мемлекеттік қызметкерлердің жұмысы мұқият қоғам бақылауында болмақшы. Осы бақылау функцияларды кәсіпкерлерге тапсыру көзделген. Осы бір кері байланыс Қазақстан Республикасындағы (ҚР) мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттіктегі идея авторлары айтқандай мемлекеттік органдар мен бизнес қауымдастықтардың оңай

емес қатынастарының ашықтық және үйлестіру факторына айналды.

Әрине, қазіргі мемлекет пен бизнестің өзара жүйелік қарым-қатынасын реформалаудың кезеңі Қазақстанда барынша қолайлы, ашық және бизнеспен айналысу үшін инвестициялық тартымды орта қалыптастыруға көмектеседі. Республиканың интеграциялық талпыныстарын нығайтуды және де Дүниежүзілік мемлекеттік ұйым жағдайындағы жұмыстың күтілетін бастамасын ескерсек, бұл қадамдар кәсіпкерлікті айтарлықтай қолдауға, бәсекеге қабілеттілікті нығайтуға және белсенді өсуге және бизнес қауымдастық өкілдерін дамыту үшін алғышарттардың пайда болуына үміттенуге мүмкіндік береді.

Көптеген дамыған елдерде үкімет шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытудың ұзақ мерзімді саясаты мен стратегиясы дайындалған. Қазақстанда шағын кәсіпкерлік пен бизнесті мемлекеттік қолдау қажеттілігі 1992 жылы 4 шілдесінде «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» ҚР-сы заңында атап өтілді. 1992-1996 жылдар аралығында шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың екі мемлекеттік бағдарламасы дайындалды. Осы құжаттардың мазмұнын талдау барысында республикамыздағы кәсіпкерліктің қалыптасу үрдісіне әсер ететін көптеген мәселелер анықталды. Жоғарғы тарауда қаралғандай, шағын кәсіпкерлік пен орта бизнесті қолдау шараларын жүзеге асыруды ресурстармен (қаржы, материалдық, еңбек) қамтамасыз етуді негіздеудің жоқтығы, нақтылықтың болмауы, шаралардың аяқталуына байланысты нәтижелер (табыстың ұлғаюы, жұмыссыздықтың азаю, халықтың әл ауқатының жақсаруы) шамасының көрсетілмеуі – экономиканың макро және микро деңгейінде елеулі жетістіктерге жетуге мүмкіндік бермейтіні анық. Дегенмен де, аталған бағдарламалар жоғарыдағы кемшіліктерге қарамастан, елімізде шағын бизнесті қалыптастыру мен дамытудың негізін қалау үшін батыл қадамдар жасауға мүмкіндік берді [1].

Осыған орай, заң шығарушы және атқарушы органдар шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытуда жаңарту мәселелеріне көп көңіл бөлу қажет. Мұның барлығы ҚР-ның Азаматтық Кодексінде, бірқатар заң актілерінде және тағы басқа экономикалық реформаларды тереңдету құжаттарында қарастырылған. Осы жылдар ішінде шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қаржы-экономикалық және ақпараттық қолдау салаларында және оның инфрақұрылымында оңтайлы өзгерістерге қол жеткізді деуге болады. Содан кейін, тағы бірқатар заң және нормативтік акті-

лер қабылданды. 1997 жылдың 19 маусымында «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Заңда шағын кәсіпкерлік нысандарына жыл бойына орта есеппен жұмыскерлер саны 50 адамнан аспайтын заңды тұлға немесе заңды тіркелмеген жеке тұлға жататындығы белгіленген. Қазақстанда шағын кәсіпкерлік субъектілері құқықтық-ұйымдық нысанда беске бөлінеді: толық серіктестік, коммандит серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілікті серіктестік, өндіріс кооперативі. Осы құрылған нысан негізінде шағын кәсіпкерлік пен бизнесті басқару тек оның басшыларының белсенділігімен ғана шектеліп қоймайды. Басшы кәсіпорынның әрбір қызметкерін кәсіпкерлік рухқа жұмылдыруы қажет. Әрбір қызметкер өзінің жеке қабілеті мен жаңашыл қасиеттерін көрсете білуі керек. Айталық, жапондық «Омрон» компаниясының тәжірибесінде ұжымның әрбір қызметкері мынадай үш ұран бойынша қызмет атқарады: «әркімнің өз өнімін сата білуі керек», «жағдайға жылдам бейімделуі керек» және «тез қимылдауы керек».

1997 жылы 2 шілдесіндегі «Жеке кәсіпкерліктің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір Заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң және тағы бірнеше қаулы қарастырылды. Бұл құжаттарда республикадағы шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытудың механизмдері мен тетіктері қаралған. Кейінен, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» 1998 жылдың 31 желтоқсанында қабылданды. Ол шағын бизнесті қолдау жөніндегі үшінші бағдарлама болатын. Қазақстан Үкіметі соңғы жылдары шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдауды өзінің басым міндеттерінің қатарына кіргізді. Бұл мәселе ел басшысының «Қазақстан 2030» ұзақ мерзімге арналған еңбегінде де көрініс тапты. 2001 жылдың 7 мамырында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 арналған мемлекеттік бағдарламасы» жарық көрген болатын. Осы бағдарламада оны іске асырудың негізгі бағыттары, қаржыландыру көздері, бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтижелер қарастырылған. Бұл құжатта мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан шағын кәсіпкерлік пен бизнесті әрі қарай дамытуға бағытталған іс-шара болып табылады.

Елбасымыздың ұстанып отырған осы стратегиялық бағыты қоғамды жаңартуға қабілетті, экономиканың жағдайын ойлайтын кәсіпкерлер-

ге ерекше көңіл бөлуде. Мұндағы шағын және орта кәсіпорындардың тиімділігі және артықшылығы – олар аса үлкен қаржыны керек етпейді. Шағын және орта бизнес халықтың әл-ауқатын арттырып, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, жалақының уақытында төленіп отыруына себін тигізетіні сөзсіз. Бүгінгі Қазақстан жағдайында кәсіпкерліктің осы түрін дамытуға кеңінен жол ашылды. Соның бірі – шағын несиелендіру.

Экономикалық дағдарыста ірі кәсіпорындар едәуір шығынға ұшырап, иілмелі нарық жүйесі алдында дәрменсіздік танытса, шағын және орта бизнес айтарлықтай зардап шекпей, озық технологияларды меңгере отырып, өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, тұрақтылық байқатты. Соның нәтижесінде мыңдаған жұмыссыздар жұмысқа тартылды, яғни шағын және орта кәсіпкерлік дағдарыстағы экономикамызға тіреу бола алады деп айта аламыз.

Жалпы алғанда мемлекеттік саясат шағын бизнеске қатысы бойынша мынадай үш негізгі міндетті шешуі тиіс:

Біріншіден, тұтастай экономикалық қызметтің, оның ішінде шағын бизнестің жұмыс істеуі үшін қолайлы және тұрақты жағдайлармен қамтамасыз ету, яғни «оның дамуына» кедергі жасамау.

Екіншіден, кәсіпкерлік қызметті бастауға және өз ісін дамытуға ниет білдіргендерге қолдау көрсету, яғни «балық аулауды ниет етпей, тек қармақ беру керек».

Үшіншіден, кәсіпкердің құқықтарын және оның жеке тұлғасы мен жекеменшігінің қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету.

Қазақстандағы шағын бизнеске қолдау көрсетуді көптеген сарапшылар ТМД кеңістігіндегі теңдессіз жоба деп есептейді. «Doing Business» бүкіләлемдік банктің абыройлы рейтингі елімізде жағымды бизнес ахуалды қалыптастыру мақсатында Үкіметпен және басқа да құрылымдармен бірнеше жыл бойы жүргізіліп келеді. Ресей аналитигі Игорь Арнаутов айтқандай, «2013 жылы Қазақстан Бүкіләлемдік банк рейтингінде 49-шы орынға ие болды, сонымен бірге мемлекет бизнес үшін шарттарды жеңілдетуде барынша табысты болған елдер қатарына ілікті. Оған қоса, кәсіпорындар құру поцедурасы жеңілдетілген, үш ай ішінде минималды жарғы капиталын төлеу туралы талаптар жойылған». Белгілі болғандай «Doing Business» ұлттық заңнамадан артық талаптарды алып тастауды көздейді және де реформа жасауға айтарлықтай қаржы салымдарын талап етпейді.

Қазақстан «Doing Business – 2011» рейтингінде 11 позицияға көтеріліп, 47 орынға ие болды, (өткен жылы 2012 жылдың есептеу әдістемесі бойынша Қазақстан 58 орында болатын), Қытайдан озып (91 орын), Түркия (71 орын), Польша (62 орын), Ресей (120 орын), Беларусь (69 орын), Қырғызстан (77 орын) [2].

«Инвесторларды қорғау» көрсеткіші бойынша Қазақстан 34 позицияға көтерілген (44-тен 10-ға дейін), оған ипотекалық несиелеу және қаржы қызметтері мен инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне түзетулер мен толықтырулар енгізген 2011 жылдың 1 наурызында бекітілген Қазақстан Республикасы заңының күшіне енуі көмектесті.

Қазақстан мүдделі тұлғалар арасындағы келісімдерді мақұлдауға қатысты талаптарды өзгертіп, мүдделі тараптар арасында шығынды келісімдер жағдайларында айып тағу үдерісін жеңілдетуге қатысты инвесторлардың құқығын қорғуды күшейтті.

«Салық салу» көрсеткіші бойынша Қазақстанның позициясын айтарлықтай арттыру екінші жыл байқалған. Егер өткен жылғы есепте 14 позицияға арттыру байқалған болса, үстіміздегі жылы – 13 позицияға көтерілген. Позицияның жақсаруына әсер еткен негізгі фактор – жаңа Салық кодексін енгізудің әсері, ол «Салық салу» жасаушыларын жақсартуға мүмкіндік берді. Осылайша, салық мөлшері (кіріс %-да) Қазақстанда әлемнің 183 елінде ең төменгілердің бірі – 28,6% (Еуропа және Орталық Азия елдерінде – 40,4%), төлемдер саны 7 төлем (37 төлем), ал өз міндеттерін орындау үшін салық төлеушілерге қажетті уақыт – 188 сағат (302 сағат).

Жалпы алғанда бизнесті жүргізу жеңілдігін жақсарту бойынша жұмыс республиканың Үкіметімен Бүкіләлемдік Банк сарапшыларымен және USAID бағдарламасымен, қазақстандық бизнес қауымдастықтармен өзара тығыз әрекетте жүргізілуде. Ағымдағы жылы реформаларды жүргізу жалғастырылған және 2013 жылға Бүкіләлемдік Банктің «Doing Business» рейтинг көрсеткіштерін жақсарту бойынша Іс-шаралардың кешендік жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Соңғы екі жылда жұмсақ шарттармен 2,8 млрд-қа жуық АҚШ доллары бөлінген. Нәтижесінде ШОБ-тің 9 мың субъектісіне қолдау көрсетіліп, сонымен бірге 27 мың жұмыс орнына қолдау көрсетіліп, құрылған.

Экономиканы отандық қаржы институттары тарапынан қаржыландырудың қысқаруы жағдайында шағын және орта бизнеске көмек көр-

сету жалғасуда. Мемлекеттік қолдау олардың салалық тиістілігіне қарамастан, шағын және орта бизнестің барлық субъектілеріне көрсетіледі. Біріншіден, осы мақсаттарға «Самұрық-Қазына» қоры 2009 жылы қосымша 1 млрд АҚШ долларын бөлді. Бұл бөлінген қаржы шеңберінде 70% ағымдағы жобаларды қайта қаржыландыруға және 30% жаңа жобаларды іске асыруға бағытталды.

Екінші деңгейдегі банктер шағын және орта бизнеске кредит беру бойынша барлық бағдарламалардың операторлары болады. «Самұрық-Қазына» қоры бөлетін қаражат шеңберінде бір жобаны қаржыландыруға арналған лимит 3-тен 5 млн АҚШ долларына дейін өседі.

Әлемдік тәжірибе шағын және орта бизнестің экономикадағы рөлі бағалауға келмейтіндей жоғары екенін көрсетіп отыр. Ал мемлекет өмірінің барлық салаларына әсерін тигізеді: жұмысшылар саны бойынша, өндірілетін тауарларының көлемі бойынша, орындайтын жұмыстары мен көрсететін қызметтері бойынша жекелеген елдерде шағын және орта бизнес субъектілері маңызды рөл ойнайды. Экономика үшін шағын кәсіпкерліктің толықтай қызметі оның икемділігін арттыратын маңызды сұрақтар болып табылады. Тіпті, шағын және орта бизнестің даму деңгейіне байланысты, мамандар елдердің өзгермелі экономикалық жағдайға бейімделу мүмкіндіктерін талдайды. Қазақстан үшін шағын бизнестің қалыптасуы жоғары дамыған қоғамға, жоғары дамыған экономикаға өтетін көпір болуы қажет. Қиыншылықтар мен сәтсіздіктерге қарамастан шағын және орта бизнес даму үстінде, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-технологиялық мәселелерді шеше отырып қарқын алуда. Шағын және орта бизнесті дамыту келесі мәселелерді шешеді:

- қоғамның және халықтың қажеттіліктерін жақсы қанағаттандыруға мүмкіндік береті, өркениетті бәсекелестік нарықтық қатынастардың қалыптасуы;

- ассортименттің кеңеюі мен тауарлар мен қызметтердің сапасының артуы. Тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтылу арқылы, шағын бизнес қызмет көрсету мен өнім сапасының артуына мүмкіндік туғызады;

- тауарлар мен қызметтердің нақты бір тұтынушыларға жақындауы;

- экономиканың құрылымдық өзгеруіне әсер ету. Шағын кәсіпкерлік экономикаға өтімділік, икемділік береді;

- өндірісті дамытуға халықтың өз ақшаларын тартуы. Шағын кәсіпорын иегерлері өз істеріне

- өз ақшаларын үлкен қызығушылықпен салады;

- қосымша жұмыс орындарының ашылуы, жұмыссыздық деңгейінің қысқаруы;

- адамдардың шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға, дарындарының ашылуына, әртүрлі қолөнердің дамуына ықпал етеді;

- еңбек қызметіне ірі кәсіпорындар белгілі бір шектеу қоятын халықтың жекелеген топтарын (үй жұмысымен айналысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер, оқып жатқан адамдар) тарту;

- меншік иелері, кәсіпкерлер, басқарушылардың әлеуметтік қатарларының қалыптасуы;

- ғылыми-техникалық дамуды жандандыру;

- жергілікті шикізат қайнары ірі кәсіпорындар қалдықтары қолдану және игеру;

- ірі кәсіпорындарға комплетелетін бұйымдарды дайындау және жеткізу жолымен, көмекші және қызмет көрсету өндірісін құру арқылы әсер ету;

- арендаға алу немесе сатып алу арқылы төмен рентабельді және тоқыраудағы кәсіпорындардан мемлекетті босату.

Осы барлық аталған және басқа да шағын және орта бизнестің экономикалық, әлеуметтік функциялары, оның дамуы, ең маңыздылар қатарына жатқызып, экономиканың ажырамас бөлігі ретінде қалыптастырады. Бірақ шағын және орта бизнестің рөлін таңдай отырып, оның дамуына кедергі болатын себептерді айтпауға болмайды.

Біріншіден, Қазақстан Республикасындағы күрделі экономикалық жағдай (инфляция, өндірістің құлдырауы, шаруашылық байланыстардың үзілуі, төлемеушілік, несиені пайдаланудағы жоғары пайыз, кәсіпкерлердің құқықтық қорғалуы).

Екіншіден, кәсіптіліктің төменгі деңгейі, кәсіпкерлердің өз өздерін теңгеруі.

Үшіншіден, халықтың кәсіпкерлерге толық сенімнің болмауы.

Төртіншіден, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың әлсіздігі, тіпті, керісінше мемлекеттік органдардың жиі араласуы.

Бесіншіден, қазіргі заманға сай ақпараттардың жеткізілуі, құрал-жабдық, технологияның болмауы, күрделі есеп беру жүйесінің және арендалық төлем құнының жоғары болуы.

Сонымен кәсіпкерліктің одан әрі кеңеюі мемлекеттік маңызды мәселелерінің бірі болып табылады, кәсіпкерлер мәселелерінің шешу үшін әкімшілік-ұйымдық, технологиялық, техникалық ресурстар қолданылуы қажет.

Қазіргі уақытта қалыптасқан экономикалық жағдайда мемлекеттік тікелей немесе жанама қолдау көрсететін елеулі ресурстары жоқ. Сон-

дықтан, барлық күш жағымды сыртқы ортаны қалыптастыруға бағытталуы керек. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін келесідей шаралар қажет: заңдық және нормативтік базалар әрі қарай қалыптасуы мен дамуы, өндірісті қолдайтын инфрақұрылымының барлық қажетті элементтерін қалыптастыруы, бюджеттен тыс қаражаттар есебінен кәсіпкерлікті қаржылық қолдау аясын кеңейтуге әсер ету, тиімді инвестициялық климатты қалыптастыру, мемлекеттік бақылауды тәртіпке келтіру.

Соңғы жылдары шағын және орта бизнесті дамыту мен кәсіпкерлік қызметті қолдау бойынша бірқатар шаралар әзірлеген болатын. Ол өзінің нәтижесін берді, тіркелген кәсіпкерлердің санының артуы, жұмыспен қамтылған халықтың үлесіне де әсерін тигізген. Шағын кәсіпорындардың өнім өндірудің жалпы көлеміндегі үлес салмағы артып келеді. Шағын және орта бизнестің рөлінің артуын кәсіпкерлер форумының тұрақты жүргізілуі шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының құрылуы, барлық екінші деңгейлі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие берудің минимал мөлшерін тағайындауы (банктің несие қоржынының негізгі қарыздан 10%-дан аз болмауы), орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау Агентаітіінің құрылуы, шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша әкімдердің қызметін қатаң қадағалау, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыстарына жағдай жасау және жеңілдіктер беру [3].

Сонымен, көріп отырғанымыздай, ойланып ұйымдастырылған шағын және орта бизнес саясаты стагнациялық экономикадан шығудың балама жолы бола алады, өйткені ол екі макроэкономикалық проблемелармен байланыстырады – жұмыспен қамту және өндірістің жандануы. Шағын кәсіпкерлік экономикаға барлық көрсеткіштер бойынша өзгерістер алып келуі мүмкін. Өзін жұмыспен қамтуды ынталандыру және шағын кәсіпорындар ашу ең аз шығынмен жұмыссыздық мәселесінен шығатын жол ретінде қарастырылады. Соңғы он жылдықты дамыған елдердегі экономиканың даму тенденциясы шағын бизнес саласына өтумен байланысты. Осы салаға бәсекелестікті ынталандыру, кәсіпкерліктің жандануы, қоғам ресурстарын толығырақ қолдану және инновациялық процесті күшейту сияқты негізгі үміт арттырған. Батыс елдерінде шағын бизнес тиімді дамуды қамтамасыз ету және мемлекеттік экономикалық саясатты қосу саласына айналған. Мемлекеттік протекционистік шағын бизнестің нақтылануы қажет еткен, адресілігін, жеңілдіктер тек шағын кәсіпорындарға берілетін. Шағын кәсіпорындарды ажырату

барысында сандық сипаты бойынша, әр елдегі экономикалық жағдайға байланысты әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Жалпы сипаттамасы ұйымдастырылуының қарапайымдылығы, жаңа өнім шығаруға тез бейімделе алуы, нарыққа қызмет ету, яғни нақты тапсырыстармен сатуға, сондай-ақ, шағын кәсіпорындарды басқару және меншікті біріктіру дәрежесі болып табылады.

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлік төңірегінде көптеген мәселелердің көтерілуі оның экономикадағы маңыздылығын айғақтайды. Республиканың біраз аймақтарында ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісі мен сауда саласындағы кәсіпкерліктің дамуы байқалғанымен, өндіріс саласының даму қарқыны төмен екені әлі де болса көрініп тұр. Сонымен қатар, сыртқы әлемдік ортада Қазақстан экономикасы үшін даму тұрақтылығын сақтаудағы іс-шараларды іске асыруды қажет етеді. Айталық, индустриалды-инновациялық саясаттың аясында өндірістік шағын және орта кәсіпорындарды басқару және дамыту аймақтарда өмір сүрудің және әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторына айналуы керек. Демек, оңтүстік өңірде шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі қағидаларына сүйене отырып, басқару жүйесін ұйымдастыру қажет:

- шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымдылығын анықтау;
- шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кешенділігі;
- инфрақұрылымды дамытуда және кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық формаларын таңдауға жағдай туғызу;
- алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені қолдану.

Сондықтан, экономиканы жаһандық қалпына келтіруге дайындау және оның сыртқы сынақтарға тұрақтылығын арттыру үшін біртұтас үш міндетті шешу қажет болады: біріншіден, бизнес-ахуалды елеулі жақсарту; екіншіден, қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету; үшіншіден, сенімді құқықтық орта қалыптастыруды жалғастыру қажет. Үкіметке 2011 жылы бизнесті тіркеуге және бизнесті жүргізуге байланысты операциялық шығындарды 30%-ға, ал 2015 жылы тағы да 30%-ға қысқартуды тапсырды. Онжылдықтың соңында шағын және орта бизнестің ІЖӨ-дегі үлесі 40%-ға дейін көтерілуі тиіс.

Кез келген үрдіс сияқты шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы мен қолдауын басқару қажет. Ол үшін кәсіпкерлік басқару объектісі ретінде өзінің ерекшеліктері бар, яғни басқарудың келесі қызметтері дұрыс ұйымдастырылуы қажет:

- жоспарлау (стратегиялық менеджмент, маркетинг стратегиясын әзірлеу, бизнес жоспарды әзірлеу);

- ұйымдастыру (барлық деңгейде кәсіпкерлікті сәйкес басқару құрылымын құру);

- мотивация (кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыратын механизмді қалыптастыру);

- бақылау (жоспарланған істерден ауытқуды анықтау және сәйкес түзетулер енгізу).

Сондықтан, шағын кәсіпкерліктің экономика жағдайын жақсарту үшін ірі ағымы бар екенін

көрсететін, экономиканы дамыту үшін кәсіпкерлік модельді ұстану керек. Осыған байланысты, мемлекет кәсіпкерлік белсенділікті тиімді, әрі икемді ынталандыру әдісін дұрыс табуы қажет. Демек, мемлекет жаңа кәсіпкерлікті ашуды ынталандыратын, кәсіпкерлікті қолдау саясатын жүргізуі тиіс. Және де бұл көп қырлы қолдау кәсіпкерліктің даму жағдайы мен кезеңіне байланысты әртүрлі сипатта болуы қажет. Себебі, қай құрылған және тоқырау алдында тұрған кәсіпкерлік қолдаудың әртүрлі тәсілдерін қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Окаев К.О. и др. Предпринимательство в Республике Казахстан.-Учебное пособие. // Алматы, Экономика, 1999.
- 2 «Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік деңгейін талдау» бойынша «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмысының есебі, Астана, 2012ж., 108бет.
- 3 2010-2014 жылдарға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның шағын және орта бизнесті тікелей қаржыландыру Бағдарламасы.

References

- 1 Okaev K.O. i dr. Predprinimatel'stvo v Respublike Kazahstan.-Uchebnoe posobie. // Almaty, Jekonomika, 1999.
- 2 «Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік деңгейін талдау» бойынша «Jekonomikalық zertteuler instituty» АҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмысының есебі, Astana, 2012zh., 108bet.
- 3 2010-2014 zhyldarға арналған «Damu» kәсіpkerlikti damytu qory» АҚ-ның шағын және орта бизнесті тікелей қаржыландыру Бағдарламасы.

